



# Алаш мұраты және Тәуелсіз Қазақстан

Конференция барысындағы пленарлық мәжілісте оқылған 11 тақырыптық баяндамалар қатарында Т. Мұқан Әлекеңнің Тоқырауын топырағында туып, әлемдік тұлғаға айналғандығы және Ақтоғай

жайлы жас жеткіншектермен пікір алмасқандарын жеткізді.

Иә, Алаштың ардақты ұлы, Ұлт көсемі Әлихан Бөкейхан: «Өзінің тарихын жоғалтқан жұрт,

ЮНЕСКО-ның 2015 жылы 18 қарашада Парижде аяқталған Бас конференциясының 38-ші сессиясында мәлім болған сүйінші хабардан кейін елімізде Алаш көсемі Әлихан Бөкейханның 150 жылдығын мерекелеу аясындағы шаралар басталып кетті. Игі бастамалардың алғашқысы болып 28 қаңтар күні Қарағанды облысының білім басқармасы, Қарағанды облысы білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы және «Сарыарқа дарыны» аймақтық ғылыми тәжірибелік орталығының ұйымдастыруымен «Мәңгілік Ел» идеясы мен Әлихан мұрасының арасындағы сабақтастықты насихаттау мақсатында «Алаш мұраты және Тәуелсіз Қазақстан» тақырыбында республикалық ғылыми-практикалық конференциясы өткізілген болатын.

Ел көлемінде өткізілген шарада ЖОО ғалымдары, Әлихан мұрасын зерттеуші, «Алаш» мәдениет және рухани даму институтының директоры Сұлтанхан Аққұлұлы, институттың ғылыми қызметкері Қайырбек Кемеңгер, филология ғылымдарының докторы, профессор Жұмағұлов Сағынбай және «Тұлғатану» ғылыми-зерттеу орталығының колледж оқытушылары, Павлодар, Шығыс Қазақстан, Алматы, Қарағанды облыстарының педагогтары бас қосты. Республикалық деңгейде ұйымдастырылып отырған осы ғылыми-практикалық конференцияға ауданымыздан аудан әкімінің орынбасары А.Сайды, ішкі саясат бөлімінің басшысы А.Аманжолов, халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының аудандық бөлімшесінің төрағасы Т.Мұқан бастаған аудан мектептерінің педагог қызметкерлерінен құрылған делегация барып қайтты.



жері дүние жүзін тәуелсіздік үшін күресудің саяси жолдарын мойындатқан ғасыр қазағының туған жері екенін дәлелдейтін «Ақтоғай алаш арыстарының атамекені» тақырыбындағы баяндамасы да тыңдалды. Конференцияның II бөлімінде шараға қатысушылар Долинка кентінде орналасқан «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу» мұражайына саяхат жасап, құнды деректермен танысыпты. Сонымен қатар Ә. Бөкейхан атындағы №76 мектепте оқушылармен кездесіп, Әлихан

өзінің тарихын ұмытқан ел қайда жүріп, қайда тұрғандығын, не істеп, не қойғандығын білмейді, келешекте басына қандай күн туатындығына көз жетпейді» деген екен. Тарихтан ғибрат алу — әрбір азаматтың басты міндеті. Әйтсе де, тарихтан тек ғибрат алып қана қоймай, оны жас ұрпаққа насихаттай білу керек. Әйткені азаттықтың бастауында алашордашыл азаматтардың жасампаз идеясы тұр.

Манаргүл МҮТӘЛІП